«АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ ІШКІ САЯСАТ БАСҚАРМАСЫ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «УПРАВЛЕНИЕ ВНУТРЕННЕЙ ПОЛИТИКИ ГОРОДА АСТАНЫ»

010000, Астана қаласы, Бейбітшілік көшесі, № 11,
тел.: +7 (7172) 556692, e-mail:

010000, город Астана, ул. Бейбитшилик,№ 11,
тел.: +7 (71725) 56692, e-mail:

506-05-49/157
16.05.25 ж.

BasQary қоғамдық қоры
БСН 170440004006
Астана қ., Айтматов көш., 31

Астана қаласының Ішкі саясат басқармасы (*бұдан әрі – Басқарма*) 2025 жылғы 9 мамырдағы № 256555 арызыңызға қатысты, № 14585069-1 мемлекеттік сатып алуы бойынша «Азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау саласындағы іс-шаралар кешенін ұйымдастыру» атты мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында өз құзыреті шегінде төмендегіні хабарлайды.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 460-тармағына сәйкес (*бұдан әрі – Қағидалар*) Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс қызметтерін мемлекеттік сатып алу кезінде ұйымдастырушы конкурстық құжаттамада әлеуетті өнім берушілер ұсынған конкурсқа қатысуға өтінімдерді бағалау үшін мынадай өлшемшарттарды көздейді:

1) әлеуетті өнім беруші ұсынатын жобаның тапсырыс берушінің техникалық ерекшелігінің талаптарына сәйкестігі;

2) әлеуетті өнім берушінің қызметі мақсатының (құрылтай құжаттарына сәйкес) тапсырыс берушінің сатып алынатын қызметтеріне және «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, стратегиялық әріптестікті іске асыруға арналған мемлекеттік тапсырыс, үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар және сыйлықақылар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабында көзделген салалар сәйкестігі;

3) әлеуетті өнім берушінің «Үкіметтік емес ұйымдардың дерекқорында» болуы туралы мәліметтер;

4) әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесінің болуы;

5) әлеуметтік жобаны және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны іске асыруға тартылатын мамандардың еңбек өтілі мен біліктілігі;

6) жоба жергілікті бюджет қаражаты есебінен іске асырылған жағдайда – үкіметтік емес ұйымның тиісті өңірдегі жұмыс тәжірибесі.

Осы тармақтың 1), 2), 3), 4) және 6) тармақшаларында көзделген өлшемшарттар бойынша баллдарды есептеу конкурстық құжаттамаға 21-қосымшаға сәйкес есептеледі.

№2.

1. Сіздің, әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесінің болуы өлшемі бойынша «**сатып алынатын қызметтердің нысанасына, мақсаттарына сәйкес келетін ұқсас қызметтерді көрсету нарығында** әлеуетті өнім берушінің екі жылдан астам және бес жылға дейінгі жұмыс тәжірибесі» өлшемінде 2 балл иеленуіне берілген арызыңыз дәлелсіз, атап айтқанда:

«Азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау саласындағы іс-шаралар кешенін ұйымдастыру» жобасының тікелей мақсаты *(халықтың құқықтық сауаттылығын арттыру және азаматтардың құқықтарын қорғау бойынша ақпараттық-ағарту іс-шараларын жүргізу)* 2021 ж. «Жергілікті өзін өзі басқару жүйесі шеңберінде қоғамдық бақылау жұмысына сараптама жүргізу» жобаның мәніне, мақсатына ұқсас еместігін мәлімдейді.

Сатып алынатын қызметтер нарығында жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттар көрсетілген қызметтер актілерінің және шот-фактуралардың электрондық көшірмелері болып табылады. Жоғарыда баяндалғанды ескере отырып, сіздің қоғамдық қорыңыздың жұмыс тәжірбиесін растайтын құжаттарыңыз толық көлемде салынбағаны туралы ескертеміз.

2018-2019 жж. «Азаматтардың жергілікті өзін-өзі басқару шешімдерін қабылдау үрдісіне қатысу мүмкіндіктерін кеңейтуге бағытталған ұйымдастырушылық және оқыту іс-шаралары» *(қызмет көрсету актілері салынбаған);* 2024 ж. Zhetisu Basqaru: Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерге мониторинг *(көрсетілген қызметтер актілері және шот-фактуралары салынбаған).*

Осыған орай комиссия мүшелері *«Әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесінің болуы»* бағалау өлшемшарттары бойынша 1 (бір) *«әлеуметтік бағдарламалар мен жобаларды іске асыру саласындағы әлеуетті өнім берушінің екі жылға дейінгі жұмыс тәжірибесі»* деген баға орынды қойылған.

Бұл ретте, Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 100-бабының 6-бөлігіне сәйкес, шағымды қарайтын органның шешімімен келіспеген жағдайда әкімшілік рәсімге қатысушы шағымды қарайтын басқа органға немесе сотқа әкімшілік актіге, әкімшілік әрекетке (әрекетсіздікке) шағым жасауға құқылы екенін хабарлаймыз.

Басшы **Н. Альмуханов**

Орынд: Сатпаева А.
Тел.: 556716